# ҚОРДАЙ ШАМШЫРАҒЫ

КОРДАЙСКИЙ МАЯК

1932 жылдың қазан айынан бастап шығады

АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

СЕНБІ 27 ҚЫРКҮЙЕК 2025 ЖЫЛ №75 (3451)


ПРЕЗИДЕНТ

# ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ БҰҰ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ 80-ШІ СЕССИЯСЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ДЕБАТТА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

*Қадірлі Бас хатшы!*
*Құрметті делегаттар!*

Біріккен Ұлттар Ұйымы сексен жылдан бері адамзатқа төнген жаһандық сын-қатерлерді еңсеруде басты рөл атқарып келеді.

Осы жылдар аралығында Ұйым біздің ұжымдық қауіпсіздік, ядролық қаруды таратпау, бейбітшілікті сақтау, өсіп-өркендеу, кедейлікті азайту, орнықты даму және адам құқығын қорғау бағытындағы ортақ күш-жігерімізді ілгерілетуге бастамашы болды.

Алайда ақиқатқа тура қарауымыз керек: әлем түбегейлі өзгеріске ұшырады. Өкінішке қарай, жақсы жаққа қарай өзгерді деп айту қиын.

Дәл сол себепті жер жүзіндегі миллиондаған адам Біріккен Ұлттар Ұйымына үлкен үмітпен көз тігіп отыр.

Бүгінгі тарихи кездесу – әмбебап және баламасы жоқ Ұйымның іргелі қағидаттары мен мақсаттарына қаншалықты бейіл екенімізді дәлелдейтін орайлы мүмкіндік.

Әйтсе де біз көпжақты институттарға деген сенімнің дағдарысқа ұшырағанын айтпай кете алмаймыз.

Халықаралықтың құқықты өрескел бұзу «қалыпты жағдайға» айналды. Соның салдарынан әлемдегі тұрақтылыққа нұқсан келіп, халықтардың, саяси көшбасшылар мен мемлекеттердің бір-біріне сенімі әлсірей түсті.

Қазіргідей алмағайып кезеңде бәріміз БҰҰ позициясының нығаюына ықпал етіп, Ұйымның құбылмалы заманға бейімделуіне қолғабыс етуіміз қажет.

Өзара түсіністік пен ынтымақтастық рухы соғыс өртін тұтандырудан басым болуға тиіс. Мемлекеттер басшылары бейбітшілікке ұмтылу жолында жауапкершілік арқалайды.

Қазіргі буын көшбасшыларының әрекетсіздік танытуға еш құқығы жоқ. Өйткені оның зардабын келесі ұрпақ тартады.

Осы орайда Біріккен Ұлттар ұйымын жан-жақты реформалау толассыз талқыланатын тақырып емес, нағыз стратегиялық қажеттілік екеніне назар аударғым келеді.



Бізге БҰҰ-ны реформалау жөнінде нақты ұсыныс әзірлейтін жоғары кәсіби және оны еш ойланбастан алға жылжытатын пікірлестер тобын құру қажет. Ұйым бүгінгі сын-қатерлерге және ертеңгі міндеттерге сай болуы керек.

Біріккен Ұлттар Ұйымын жаңғыртуды көздейтін мұндай батыл әрекет Қауіпсіздік Кеңесін реформаладан басталуға тиіс.

Қауіпсіздік Кеңесінің құрамына Азия, Африка және Латын Америкасындағы ірі елдердің өкілдері ротация тәртібімен ұсынылуы керек.

Сонымен қатар Қазақстан жауапкершілігі бар орта державалардың үні БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінде барынша анық естілуі қажет деп санаймыз.

Іс жүзінде орта державалар қазірдің өзінде теңгерімді сақтауға және өзара сенімді нығайтуға үлес қосып, халықаралық қатынаста жағымды рөл атқара бастады.

Ұлы державалардың бастары бірікпегенде немесе барша адамзатты алаңдататын өзекті проблемаларды шешуге қауқарсыздық танытқанда, мұндай елдер БҰҰ аясында дәнекерге айналады.

XXI ғасырда БҰҰ беделін көтеру үшін Ұйымға мүше мемлекеттер бейбітшілік пен қауіпсіздіктің іргесін бекемдейтін нақты қадамдар жасауға тиіс.

Әйтпесе, БҰҰ үнемі мәселенің салдарымен күресуден көз ашпайды. Ал проблеманың түпкі себептері үсті-үстіне көбейе береді.

Біз бұл үдерісті дәл бүгіннен бастай аламыз. Ол үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысына бейіл екенімізді тағы да растауымыз қажет.

Егемендік, аумақтық тұтастық және кез келген дауды бейбіт жолмен шешу қағидаттарының бәрі мүлтіксіз сақталуға тиіс. Ұйым Жарғысын қолайына қарай қолдану оның беделіне нұқсан келтіреді.

Әлем сенімге, ашықтыққа және ортақ жауапкершілікке арқа сүйейтін жаңа консенсусқа зәру.

Мысалы, Жарғыдағы Екінші дүниежүзілік соғыстан бері келе жатқан «жау мемлекет» ережесін халықаралық қоғамдастықтың басым бөлігі ескірген деп санайды.

Сондықтан Жарғыны қайта қарау мәселесін талқылайтын уақыт келді.

Бүгінде біз алаңдатарлық ахуалға куә болып отырмыз: қаруланууды шектейтін шарттар сақталмайды, демек, стратегиялық тұрақтылықтың да іргесі сөгіле бастады.

2024 жылы дүние жүзінде әскерді жарақтандыруға кеткен шығын 2,7 триллион долларды құрады. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Ал жаһандағы зорлық-зомбылықтың шығыны 20 триллион долларға жуықтады.

Сондықтан әлемдегі қауіпсіздік архитектурасын қайта қалпына келтіру халықаралық қоғамдастық үшін ең басты басымдық болуға тиіс.

Біз ядролық қару қолдану қаупін күрт азайтуды, ядролық державалар арасындағы жоғары деңгейдегі диалогты қайта бастауды қолдаймыз, көпжақты әрекеттің жандануына күш салуымыз керек деп санаймыз.

2

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

# КҮЗДІҢ БІР КҮНІ – ЖЫЛҒА АЗЫҚ

**Күз мезгілі- жиын-терін жұмыстарының қызатын шағы. Себебі, шаруалар ала жаздай төккен терінің жемісін осы мезгілде жинайтыны белгілі. Мәселен, Қордай ауданында қазір пияз жинау науқаны басталып, аяқталуға жақын.**

Аудан аумағындағы шаруалар үшін пияз өсіру дәстүрлі кәсіпке айналған. Бұл осы пайдалы өнімге деген сұраныстың көптігіне байланысты деуге болады. Осы ретте біз өнім жинау үстіндегі Степное ауылдық округіне арнайы барып, шаруалардың тыныс-тіршілігімен танысып қайттық. Соның бірі – пияз өнімімен айналысып келе жатқан шаруагер Ибрагим НУНУ.

***«Шаруа қожалығымда 60 гектар жер бар. Алқапқа тамшылатып суару әдісін қолдану арқасында өнім де нәтижесін беріп отыр. Маусымдық жұмыстар кезінде жұмысшыларымыз жүзден асып кетеді. Одан бөлек, 4 бірлік ауылшаруашылығына қажетті техникаларымыз бар. Биыл гектарына 70-80 тоннадан өнім алудамыз»,*** -дейді ол.

Шаруашылық басшысының айтуынша, жұмысшылардың жалақысы төккен теріне қарай төленеді, аянбай еңбек етсең алатын ақың да қомақты болмақ. Жергілікті жұрт адамдары жұмыспен қамтып отырған оның шаруа қожалығы биылғы көрсеткішпен тоқтап қалмай, алдағы жылы егістік алқабының көлемін ұлғайтуға ниетті.

***«Мен маусымдық жұмыстарға жылда қатысамын. Себебі, біз сияқты жұмыссыз ауыл тұрғындары үшін бұл өте тиімді. Аз уақыт болса да еңбек етіп, ақысын аламыз. Шаруашылық тарапынан жұмысшылардың өнімді еңбек етулері үшін барлығы қарастырылған. Таңғы сағат 5-тен түн ауғанша еңбек етудеміз. Алқап көлемді болғандықтан жүзден аса жұмыскер отбасының нәпақасын табу мақсатымен қызу еңбекке кірісken. Бір айта кететін жайт – алқапта жұмысшылардың шын көңілімен еңбек еткені көрінеді. Қазіргі нәтижеге тоқталар болсам, бізге жоғары сұраныс пен тұрақты жұмыс күшінің арқасында мол өнім терілуде. Маусымдық жұмыстар кезінде әріптестерімізді саны көбейіп келеді»,*** - дейді жұмысшылар тобының бригадирі Тұрдығүл Дәулетбаева.

Пияз өсірудің жоғары көлемі аймақ экономикасына да оң әсерін тигізуде. Нарықтағы сұраныстың тұрақтылығы және ауыл тұрғындары үшін жаңа жұмыс орындарының пайда болуы – барлығы да күзгі жиын-терінде көрініс табады.

**Шолпан САБАНОВА**



→1 ПРЕЗИДЕНТ

# ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ БҰҰ БАС АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ 80-ШІ СЕССИЯСЫНДАҒЫ ЖАЛПЫ ДЕБАТТА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Кең көлемде алып қарасақ, соғысқұмарлық менталитетін түп-тамырымен жоятын күрделі жұмысқа кіріскен жөн. Бұл жүзеге асыруға болатын шаруа. Бастысы, мемлекеттердің бейбітшілік жолында қанша қаржы жұмсап отырғанын мұқият бақыласақ болғаны.

Қазақстан ядролық қарусыздану және жаппай қырып-жою қаруын таратпау жөніндегі жаңа диалогқа дайын. Біз Ядролық қаруды таратпау туралы шартты күшейтіп, Ядролық сынақтарға жан-жақты тыйым салу туралы шарттың орындалуына түрткі болу үшін бейресми пікір алмасуларға мән бере аламыз.

Сонымен қатар біз бұған дейін айтқан Биологиялық қауіпсіздік жөніндегі халықаралық агенттік құру туралы ұсынымымызды жүзеге асыруға шақырамыз.

Қазақстан бейбіт тұрғындарға орасан зор залал келтіріп, жаһандық сенімге селкеу түсірген және халықаралық қауіпсіздікті әлсіреткен Украина айналасындағы дағдарысқа алаңдаулы.

Дегенмен аталған қақтығысты тоқтату үшін екіжақты және халықаралық деңгейдегі дипломатиялық күш-жігерді жалғастырып, қос мемлекет ұзақ мерзімді мүдделеріне сай келетін саяси икемділік көрсетуі керек.

Территориялық дау-дамайды шешу ешқашан оңай болған емес. Ол келешек ұрпақтың қамы үшін екі жақтың да барынша ұстамдылық пен жауапкершілік танытуын талап етеді.

Өшпенділік психологиясы қақтығысқа қатысушы тараптардың бітімге келуіне мүмкіндік қалдырмай, қай-қайсысын да құрдымға жібереді.

Газадағы гуманитарлық дағдарыстың ауқымы тіпті қорқынышты. Оған бей-жай қарау мүмкін емес.

Бұл қақтығыстың тарихи тамыры тым күрделі. Біз осы жауласудың түпкі себебін ескерусіз қалдыра алмаймыз.

Қазақстан әскери іс-қимылды дереу тоқтатуға, бейбіт тұрғындарды толық қорғауға және халықаралық гуманитарлық құқық аясындағы көмектің кедергісіз жетуін қамтамасыз етуге шақырады.

Біз екі мемлекеттің бейбіт қатар өмір сүруіне негізделген шешімді құптаймыз әрі БҰҰ-ның жетекші рөлін мойындаймыз.

Қазақстан Таяу Шығыстағы өңірлік бітімгерлікке бағытталған Арабтың бейбіт бастамасы, Нью-Йорк декларациясы, Ибраһим келісімі секілді дипломатиялық ұсынымдарды қолдайды.

Егер көшбасшылық пен саяси ерік-жігер болса, бұл құжаттар араздықты ынтымақтастық пен ортақ игілікке айналдыруға болатынын көрсетеді.

Сондай-ақ біз АҚШ Президентінің араағайындығымен Әзербайжан мен Армения қарым-қатынасының қалыпқа түскенін ерекше ықыласпен қабыл алдық.

Бұл дипломатия мен парасатты шешімнің арқасында ұзақ жылға жалғасқан кез келген қақтығысты реттеуге болатынын дәлелдеді.

Қазақстан осы қағидатқа сүйеніп, дауды ушықтырғаннан гөрі дипломатияға жүгінуді, күш қолданғаннан гөрі диалог жүргізуді жөн деп санайды.

Қазіргі геосаяси шиеленіске қарап, кейбір саясаткерлер «өркениеттер қақтығысынан қашып құтыла алмаймыз» деген пікір айтып жүр.

Алайда мұндай алауыздық тағдырдың жазуы емес, олардың саяси таңдауы.

Ғылым, медицина, спорт, дін және мәдениет сияқты жаһандық игіліктер геосаяси бөліністің құралына айналмауға және санкция салуға себеп болмауға тиіс. Адамзат өміріндегі бұл ізгі құндылықтар бізді гуманизм идеясына біріктіреді.

Саясаткерлер жауапкершіліктен жұрдай мәлімдеме жасағанда немесе дін мен болмысты саяси ұпайын түгендеу үшін бұра тартып, ағат әрекетке барғанда сенімге селкеу түсіп, бейбітшілікке ұмтылған ерік-жігер жасиды.

Анығында, саяси көшбасшылық – бір-біріне күмәнкүдікпен қарап, менмендік таныту емес, өзара түсіністік пен құрметтен тұрады.

Әлемге тірек болып тұрған толеранттылық пен парасаттылық заң үстемдігіне арқа сүйеуі қажет.

***Құрметті әріптестер!***

Біз жікке бөлінушілік барған сайын күшейіп, инвестиция ағынына қатысты саяси сыңаржақ ұстаным белең алғанына куә болып отырмыз.

Соның салдарынан былтыр әлемдегі тікелей шетел инвестициясының көлемі 1,5 триллион долларға дейін қысқарды. Қазақстан инвестиция саласындағы халықаралық ынтымақтастық аясын кеңейтуді табанды түрде жақтайды. Тәуелсіздіктің 30 жылында ел экономикасына 400 миллиард доллардан астам қаржы тартылды.

Біз әрқашан ашық нарық қағидаттарына сүйенеміз әрі бұл мемлекеттік саясатымыздың негізгі бағыты болып қала береді.

Еуразия төсінде орналасқан Қазақстан Азия мен Еуропа арасындағы құрлық арқылы тасымалданатын жүктің 80 пайызына қызмет көрсететін логистикалық хаб ретінде шешуші рөл атқарады.

Біз көлік-транзит инфрақұрылымына, соның ішінде «Бір белдеу, бір жол» бастамасына, Солтүстік – Оңтүстік көлік дәлізіне және Транскаспий көлік бағытына ондаған миллиард доллар инвестиция саламыз.

Қазақстан қалыптасып келе жатқан жаһандық көлік жүйесінің өзегі саналатын аймақтық жеткізу тізбегін дамытуды жалғастырады.

2029 жылға дейін 5 мың шақырым жаңа теміржол салуды жоспарлап отырмыз.

Еліміз Орнықты даму мақсаттарын ұлттық күн тәртібіндегі басымдықтардың бірі ретінде айқындады. Ондағы міндеттер мемлекеттік жоспарлауда және бюджет жобасын әзірлегенде ескеріледі.

БҰҰ Бас хатшысы мен Ұйымға мүше мемлекеттердің қолдауының арқасында Алматыда БҰҰ-ның Орталық Азия мен Ауғанстан үшін Орнықты даму мақсаттары жөніндегі өңірлік орталығы ашылды.

Бүгінде Орталық Азияның бірлігі мен өзара сенімі жаңаша сипат алып, өңір халықаралық бейбітшілік пен прогрестің белсенді қатысушысына айналды.

«Орталық Азия бестігі» ынтымақтастығын нығайтуда. Сол арқылы тату көршілік дамуға да, қауіпсіздікті күшейтуге де оң септігін тигізетінін дәлелдеп отыр.

Соның арқасында біздің өңір әлемдегі негізгі серіктестерімен «Орталық Азия плюс» форматында диалог жүргізе бастады.

Қазақстан Ауғанстанның инклюзивті дамуын аймақтағы ұзақ мерзімді бейбітшілік пен тұрақтылықты қамтамасыз етудің кепілі деп санайды.

Біз ауған халқына гуманитарлық көмек көрсетіп, сауда, азық-түлік қауіпсіздігі, инфрақұрылым және көлік тасымалы салаларындағы ықпалдастығымызды жалғастыра береміз.

***Құрметті делегаттар!***

Былтыр адамзат тарихындағы ең ыстық маусым болды. Бұл ретте Орталық Азияда ауа температурасы әлемдегі орташа көрсеткіштен екі есе жоғары екенін айтқан абзал.

Алатау мұздықтары тез ери бастады. Бұл миллиондаған халықтың су және азық-түлік қауіпсіздігіне қатер төндіреді.

Қазақстан Арал қасіретінен сабақ алды. Жоспарлы іс-әрекетіміздің арқасында, соның ішінде халықаралық деңгейдегі ынтымақтастық нәтижесінде теңіздің солтүстік бөлігін сақтап қалдық.

Халықаралық Аралды құтқару қорының төрағасы ретінде еліміз бұл маңызды бағыттағы белсенді жұмысты жалғастырады.

Дегенмен Каспий теңізі күннен күнге тартылып барады. Бұл бір өңірдің ғана проблемасы емес, жаһандық деңгейде дабыл қағатын мәселеге айналды.

Сондықтан аймақтағы серіктестерімізді және барша халықаралық қоғамдастықты Каспийдің су қорын сақтау үшін жедел шараларды бірлесе қабылдауға шақырамыз.

Былтыр Қазақстан Франция, Сауд Арабиясы және Дүниежүзілік банкпен бірлесіп One Water саммитін өткізді.

Болашақта су тапшылығын болдырмау мақсатында анағұрлым тығыз үйлестіру, инвестиция және орнықты шешім қажет.

Аталған мәселені күн тәртібіне шығару үшін еліміз Біріккен Ұлттар Ұйымымен және басқа халықаралық құрылымдармен серіктесе отырып, келесі жылы сәуір айында Астанада Өңірлік экологиялық саммит ұйымдастырады.

Қоршаған ортаны қорғау саласындағы міндеттемелеріміз аясында елімізде «Таза Қазақстан» жалпыұлттық акциясы жүзеге асырылып жатыр. Бұл қозғалыс тазалыққа, қоқыс жинауға және экологиялық ағартушылыққа атсалысатын миллиондаған еріктіні ортақ іске жұмылдырады.

Қазақстанның бастамасымен БҰҰ 2026 жылды Орнықты даму мақсаттары жолындағы Халықаралық еріктілер жылы деп жариялады. Ұйымға мүше мемлекеттердің бәрін осы маңызды бастамаға қолдау білдіріп, ынтымақтастық орнатуға шақырамыз.

Осы орайда Бас Ассамблеяға 22 сәуірді Халықаралық жер шарын көгалдандыру күні деп жариялайтын қарар қабылдауды ұсынамын.

***Қымбатты достар!***

Қазақстан жасанды интеллектіні технологиялық жетістік деп қана емес, адамзат прогресіне қозғау салатын зор табыс ретінде қарастырады.

Алайда жасанды интеллектіні дамытудың тәуекелдері де бар. Атап айтқанда, ол технологиялық, экономикалық және геосаяси теңсіздіктердің күшеюіне әкеледі. Сондай-ақ этика нормалары бұл эволюцияның соңында қалып қоюына жол бермеуіміз керек.

Әділеттілік, жауапкершілік және адам құқықтарын қорғау мәселелері жедел әрі нақты шешілуге тиіс.

Бұл үшін әр ел ЖИ артықшылықтарын пайдалана алатындай ұжымдық күш-жігер қажет.

Қазақстан БҰҰ аясында Жасанды интеллектіні басқару бойынша жаһандық диалогтың басталуын қолдайды.

ЖИ саласындағы қауіпсіздік, инклюзивтілік және адамға бағдарлану міндетті түрде ескерілуі үшін аталған платформа жұмысына белсенді түрде атсалысуға дайынбыз.

Қазақстанда жасанды интеллект экономика мен мемлекеттік қызмет көрсетудің барлық секторына енгізіледі.

Қазірдің өзінде оны жүзеге асырудың базалық инфрақұрылымы жасақталып жатыр. Дарынды жас мамандарымыз мұны іске асыруға әзір.

Біздің стратегиялық мақсатымыз – үш жылдың ішінде Қазақстанды толық цифрланған елге айналдыру.

Жаппай цифрландыру және жасанды интеллектіні кеңінен қолдану еліміздің ұлттық басымдығына айналды.

Электрондық үкімет ұлттық даму стратегиямыздың негізгі элементі саналады.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің шамамен 90 пайызы цифрлық форматта ұсынылады.

Жуырда Қазақстанда ең қуатты ұлттық суперкомпьютер іске қосылды.

Дегенмен ЖИ мен автоматтандыру көптеген елде жұмыс орындарының қысқаруына әкелуі мүмкін.

Сондықтан цифрлық прогресс кәсіптік білім берумен қатар жүргізілуі қажет.

Қазақстан жұмыспен қамтуды арттырып қана қоймай, кәсіптік мамандықтардың мәртебесін көтеруді аса маңызды деп санайды.

***Ханымдар мен мырзалар!***

Жаһанда тұрақсыздық белең алған кезеңде Әділетті Қазақстан құруды көздеген жаңғыру саясатын батыл жүргізіп жатырмыз.

Соңғы үш жылда біздің аймақта бұрын-соңды болмаған саяси және экономикалық реформалар жасалды.

Жалпыұлттық референдум арқылы Президентті жеті жылға бір мерзімге сайлайтын норма енгізілді. Бұл демократия қағидаттарына сай есептілікті күшейтеді.

Біз «Күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» формуласын ұстанамыз.

Қазақстанды жаңғырту ұстанымын басшылыққа ала отырып, елімізде бір палаталы Парламент құру мәселесін жалпыұлттық референдумға шығаруды ұсындым.

Мақсатымыз – саяси жүйенің қоғам сұранысына сай ашықтығы мен тиімділігін арттырып, оны ұдайы жетілдіру.

Бұл реформалардың басты қағидасы: Заң және тәртіп бәрінен жоғары тұруы керек.

Біз парасаттылыққа және заң үстемдігіне арқа сүйейтін басқару жүйесі ғана қоғамдық тәртіпті қамтамасыз етіп, азаматтардың құқығын қорғауға мүмкіндік береді деп санаймыз.

Бұл халықаралық инвестицияларға, сауда байланысына және елдің қарқынды дамуына оңтайлы жағдай жасайды.

Заңды мүлтіксіз сақтайтын азаматтардың мүддесін қорғау – әділеттілікке, есеп беруге және өзара құрметке негізделген басты басымдықтарымыздың бірі.

Қазақстан экономикасы тұрақты дамып келеді.

Биыл экономикалық өсім 6 пайыздан асады деп күтілуде. Бұл біздің аймақтағы ең ірі экономиканың орнықтылығын қуаттай түседі.

Дегенмен бұл жетістіктерге тоқмейілсуге болмайды. Біз ұзақ мерзімді дамуға бағытталған күш-жігерді жалғастырамыз.

Қазақстанның энергетикалық стратегиясы төрт салаға негізделген: мұнай-газ, көмір, уран және аса маңызды минералдар. Бұл құнды ресурстар сенімді энергетикалық серіктестіктің негізі бола алады.

Климат өзгерісі мен «жасыл» күн тәртібін көмір кені секілді орасан зор энергетикалық ресурсқа бай елдер қабылдай бермейді. Өйткені бүгінде озық технологияның арқасында оны тазаланған күйінде пайдалануға болады.

Сондықтан біз 35 жыл ішінде елімізді декарбонизациялау жөнінде міндеттеме алдық. Тек жаңартылатын энергия көмегімен бүкіл энергетикалық мәселені шешу мүмкін емес.

Ауыл шаруашылығы – әлемдік нарықта зор әлеуетке ие жетекші саламыздың бірі.

Қазақстанның астық экспортындағы әлеуеті – 12 миллион тонна. Бұл халықаралық нарықтың басым бөлігін қамтиды және көлік байланыстарын жақсарту есебінен сауданы кеңейтудің жаңа мүмкіндіктеріне жол ашады.

Біз сыртқы саудамыздың инклюзивтілігі мен орнықтылығын қамтамасыз ете отырып, оны одан әрі әртараптандыру мақсатында барлық негізгі халықаралық серіктестерімізбен және аймақтағы мүдделі елдермен ынтымақтастықты жалғастырамыз.

***Жоғары Мәртебелі!***

Ел ішіндегі мемлекеттік басқару реформаларын тереңдету және шетелдегі жаһандық басқаруды қолдау – басты бағдарымыз. Біз бұл бағытты берік ұстанамыз.

Қазақстан араағайындық және бітімгер рөлін жалғастырады. Біздің таңдауымыз: үстемдік емес – тепе-теңдік, жіктелу емес – ынтымақтастық, соғыс емес – бейбітшілік.

Біз халықаралық қоғамдастықтың басқа да мүшелерімен бірлесе отырып, Біріккен Ұлттар Ұйымының бейбітшілік, әділеттілік және ынтымақтастық шамшырағы екенін растауға дайынбыз.

Рақмет!

**Akorda.kz**

«ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ»

# БАСТЫ БАЙЛЫҚ – ДЕНСАУЛЫҚ



**Жұмысшы мамандықтары жылы – еліміздегі еңбек адамдарына деген құрметтің көрсеткіші. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жариялаған аталмыш жыл аясында, Қордай аудандық орталық ауруханасының, бастапқы медициналық-санитарлық көмек бөлімшесінің орта медицина персоналдары қызметімен таныстық.**



Аудандық орталық ауруханасының, аталмыш бөлімшесінде дәрігерге дейінгі көмек көрсету бөлмесі қызмет көрсетеді. Бұл қызмет – алғашқы көмекті жылдамдату арқылы науқастарды қажетті мамандарға уақтылы бағыттап, денсаулық сапасын жақсартуға бағытталған.

Алдымен, біз редакция тілшілері аталған кабинеттің жұмысымен танысуды жөн көріп, 34-ші бөлмеге қарай беттедік. Мұнда фельдшер Назгүл Самаевамен тілдесіп, оның күнделікті қызметі туралы сұрап білдік.

Назгүл Обозбековнаның айтуынша, келген науқасқа жедел-диагностикалық тексерістер жүргізеді. Мәселен, артериялық қан қысымы өлшенеді, холестерин деңгейі тексеріледі, антропометриялық көрсеткіштер, қажет болса басқа да негізгі көрсеткіштер қарастырылады.

***«Біздің негізгі қызметіміз – дәрігерге дейінгі көмекті көрсетіп, науқастарды қажет болатын арнайы медициналық мамандарға жөнелту. Мұнда 2011 жылдан бері фельдшерлік қызметті атқарудамын. Науқасқа диагностика жасап, қажет болған жағдайда әрі қарай бағыт-бағдар нұсқаймыз»,***-дейді фельдшер маман.

Дәрігерге дейінгі кабинет дансаулық сақтаудың алғашқы әрі маңызды бөлігі. Онда ауруларды анықтап, науқастарды қажетті емге жіберуге көмектеседі.

Дәрігерге дейінгі медициналық көмек – орта медицина қызметкерлерінің емделушінің жай-күйін бағалауды, дәрігерге дейінгі диагнозды қоюды, дәрігерге дейінгі араласу жоспарын тағайындауды, дәрігерге дейінгі рәсімдерді орындауды қамтитын медициналық көмек.

Қордай аудандық орталық ауруханасының дәрігерге дейінгі көмек көрсету бөлмесінде тексерістен өткен науқас, жынысына қарай ерлер және әйелдер бөлмесіне жіберіледі.

Ерлерді қарау бөлмесінде, 2022 жылдан бері мейіргер Бекжан Усенбаев жұмыс атқаруда. Оның мәліметінше, бір жыл ішінде бірінші рет жүгінген



барлық ерлерге созылмалы және ісік алды ауруларды ерте анықтау мақсатында жасы мен сырқат сипатына қарамастан міндетті профилактикалық қаралу жүргізіледі. Сонымен қатар, онкологиялық ауруларға күдік немесе қауіпті патологиялар анықталған тұлғалар учаскелік дәрігерге, әрмен қарай онколог дәрігерге, басқа да еркектік жыныс органдарының патологиялары анықталған науқастар уролог дәрігерге бағытталады.

Бастапқы медициналық санитарлық көмек көрсету бөлімшесінің тағы бір қызметкері – Алла Вербицкая. Ол Бішкек медициналық училищесінің түлегі. Тәжірибелі маман Алла Николаевна 2006-2025 жылдар аралығында Степное ауылдық дәрігерлік амбулаториясында «акушер» лауазымын атқарып келген.

Ал 2025 жылдың шілде айынан бастап, бастапқы медициналық-санитарлық көмек бөлімшесінің, әйелдерді қарау бөлмесінің акушері.

***«Аудандық ауруханаға жүгінген әйелдердерге созылмалы, ісік алды ауруларды және қатерлі жаңадан пайда болуларды ерте анықтау мақсатында жасы мен сырқат сипатына қарамастан міндетті алдын-алу шараларын жасаймыз. Сырқат күдігі бар және қауіпті патологиялар айқындалған науқастар учаскелік дәрігерге, әрмен қарай оның нұсқауымен гинеколог, маммолог, ЛОР-дәрігері сынды сәйкес мамандарға жіберіледі»,-***дейді Алла Вербицкая.

Үлкен кісілер «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деп бекер айтпаса керек, себебі дені сау адам – мемлекеттің ең басты құндылығы.

Адам өмірінде айрықша орын алатын мамандықтың бірі әрі бірегейі – медицина мамандығы. Жаны алқымына тығылған әрбір адамның қайта қалыпты өмір сүруіне толыққанды мүмкіндік туғызатын медицина қызметкерлерінің қоғамдағы орны ерекше.



ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

# ЖАРЫҚ – ТІРШІЛІК КӨЗІ

**Қордай ауданының әкімі Бегзат Болатбековтың тапсырмасына сәйкес, Ауқаттыда ауқымды жұмыстар қолға алына бастады. Бұл орайда, жаңа трансформатор орнатылып, электр бағаналары мен желілер ауыстырылуда.**

Ауқатты ауылдық округі – Қордай ауданына қарасты шалғай елдімекендердің бірі саналады. Үш елді мекеннен құралған аталмыш округте 10 000-нан астам халық мекендейді.

Ескі желілер мен тозған бағаналар күнделікті жарықтың үздіксіз болмауына, апатты жағдайлардың жиілеуіне әкелуі мүмкін еді. Жаңа трансформатор мен жаңартылған желілер бұл қауіп-қатерді айтарлықтай азайтпақ.



***«Мектептегі балаларымызға жақсы болатын болды. Көшеде қараңғыдан батпаққа батпайды»,***-дейді ауыл тұрғыны.

Аудан әкімінің жыл сайынғы халықпен кездесуінде, дәл осы мәселелер тұрғындар тарапынан көтерілген болатын.

Ауылдық округтің инфрақұрылымын жаңарту — тұрғындардың сапалы өмір сүру деңгейін көтеру үшін маңызды қадам.

Жергілікті тұрғындар мен кәсіпкерлер үшін электр қуатының сенімділігі жаңа мүмкіндіктерге жол ашпақ. Жарық пен жылыту жүйелерінің тұрақты жұмыс істеуі оқу орындары мен қызмет көрсету саласының жұмыс үстемдігін арттырады.

Айта кетейік, құрылыс жұмыстарын «Тараз-строй – 2024» мердігерлік мекемесі қолға алған. Былтырғы жылдың сәуір айында қолға алынған жұмыстар, ағымдағы жылдың соңына дейін аяқталады деп күтілуде.

КЕЗДЕСУ

# «ЖАСТАРДЫҢ ДЕНСАУЛЫҒЫ - ЕЛ ЕРТЕҢІНІҢ КЕПІЛІ»

**Ауылдық округтерде кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың, олардың қараусыз және панасыз қалуының алдын алу, сондай-ақ жасөспірімдердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету мақсатында құрылған жұмысшы топ өз жұмыс алгоритміне сәйкес кешенді шаралар жүргізуде.**



Осы бағытта «буллинг, «кибербуллинг» және «Ерте жүктіліктің алдын алу» тақырыптарында №5 Қ.Сәтпаев атындағы орта мектебінің жоғары сынып оқушыларымен арнайы профилактикалық кездесу өтті.

Жиын барысында жасөспірімдердің әлеуметтік ортадағы мінез-құлқы, интернет кеңістігінде жиі кездесетін тәуекелдер, зорлық-зомбылық пен құқық бұзушылықтың алдын алу жолдары жан-жақты талқыланды. Сондай-ақ, ерте жүктіліктің салдары, оның жасөспірімнің денсаулығы мен болашағына тигізер кері әсерлері туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Мұндай іс-шаралар өскелең ұрпақтың құқықтық сауаттылығын арттыруға, олардың бойында жауапкершілік пен құқықтық мәдениетті қалыптастыруға ықпал етеді. Жастардың қауіпсіз ортада тәрбиеленуі – қоғамның ортақ міндеті.

Бетті дайындаған Әділет ҚҰТТЫБАЙ

БІР ШАҢЫРАҚ АСТЫНДА

# Дастарқаны да, тілі де – қазақ





**Қазақ жері – сан ұлттың мекені, түрлі мәдениеттің тоғысқан ордасы. Бұл жерде әр халық өз дәстүрін сақтай отырып, қазақ халқымен тату-тәтті өмір сүріп келеді. Солардың қатарында – дүнген ұлты да бар. Кейде олардың қазақша таза сөйлеуі, ұлттық салт-дәстүрді берік ұстануы таң қалдырады. Осындай үлгілі отбасылардың бірі – Сарыбұлақ ауылының тұрғыны Лугмар Суваевич БИЯНХУ.**

Лугмар аға 1957 жылы Масаншы ауылында дүниеге келген. Оның өмір жолы – еңбек пен табандылықтың жарқын үлгісі. 1976–1978 жылдары Орал қаласында әскери борышын өтеп, елге оралған соң «Коминтерн» колхозында еңбек етеді. 1986 жылы Сарыбұлақ ауылына қоныс аударып, қызылша өсірумен айналысатын суғармашы қызметін атқарады. 1995–2002 жылдары көкөніс бригадасында пияз өсірумен шұғылданып, жер өңдеудің қыр-сырын меңгеріп шығады. 2004 жылы «Биянху» атты жеке шаруа қожалығын құрып, кәсіпкерлікке бет бұрды. Алғашында көкөніс өсірумен айналысқан шаруашылық кейіннен дәнді дақылдарды өсіруге көшіп, ауқымын кеңейтеді.

Отбасылық өмірінде де Лугмар Суваевич – үлгі боларлық жан. 1980 жылы Рабия есімді арумен шаңырақ көтеріп, бүгінде 5 баланың ардақты әкесі. Балалары өмірден өз жолдарын тауып, жеке отау тіккен. Бір ұлы әкесімен бірге тұрады, екіншісі – өзімен көршілес, үшіншісі – Алматыда қызмет етеді. Қыздарының бірі – Сортөбеде, екіншісі – Қайнар ауылында тұрады. Бүгінде 16 немере мен 1 шөбере сүйіп отырған бақытты ата мен әже.

Отбасының басты ерекшелігі – тілге деген құрмет. Лугмар аға да, оның балалары мен немерелері де қазақ тілінде еркін сөйлейді. Тіпті, бір ұлы қазақтың мақал-мәтелдерін шебер қолдана отырып, сөз мәдениетін байыта түседі.

***«Біз қазақ болып кеттік қой»,*** – дейді ол, бұл сөздің астарында туған жерге деген терең құрмет пен ықылас жатыр. Бұл – жай ғана сөз емес, бұл – ұлттық сананың көрінісі, өзге ұлт өкілі болып өссе де, қазақ елін өз үйіндей қабылдаған адамның шынайы сезімі.

Отаудың өмір салты да қазақы қалыппен өрілген. Үйінде жылқы, ірі қара мен ұсақ мал ұстайды. Бал ара өсіріп, табиғи таза балын дастарқанына қояды. ***«Етсіз күн көре алмаймыз, әкем өмір бойы мал бақты, біздің үйден ешқашан ет үзілген емес. Жылқы еті мен қазыны, сорпаны ерекше жақсы көреміз»,*** – дейді Лугмар аға. Бұл сөздер – қазақтың болмысы бойына сіңген адамның сөзі.

Дін мен дәстүрді қатар ұстанып, мұсылмандық қағидаларды берік сақтайды. «Дастарқандағы ас – адал әрі өзіміздің өнім болу керек», – деген өмірлік ұстанымы да отбасының тазалығын, табиғилыққа ұмтылысын аңғартады.

Лугмар Суваевич Биянху мен оның жанұясы – қазақ елінің кеңдігі мен көпұлтты қоғамдағы береке-бірліктің жарқын үлгісі. Олардың өмірі, тілі мен дәстүрі – қазақ халқының мәдениетімен біте қайнасқан. Бұл – қазақ халқының дархандығы мен бауырмалдығының, барша ұлтты бауырына тарта алатын үлкен жүректің айғағы.

**Мадина УЗБЕКОВА**

ҚОЛДАУ МЕН ҚОРҒАУ

# Ерекше балалар ертеңгілік өткізді

**Қордай аудандық мүгедек балаларды оңалту және бейімдеу орталығында мамандар мен аналардың қатысуымен Отбасы күніне орай «Асыл ана-ұрпаққа ұлағат» тақырыбында ерекше мерекелік іс-шара өтті.**



Жыл сайын қыркүйек айының екінші жексенбісінде елімізде Отбасы күні аталып өтеді. Бұл күн – отбасылық құндылықтарды дәріптейтін, бірлік пен татулықтың маңызын насихаттайтын ерекше мереке. Бұл – әр шаңыраққа жылулық сыйлап, ата-ана мен бала арасындағы махаббатты арттыратын мейрам. Отбасында алған тәрбие – баланың болашақтағы тұлғалық дамуының негізі.

Мерекелік бағдарламада балалар мен ата-аналар және мамандар бірлесе өнер көрсетіп, ұлттық салт-дәстүрлерді дәріптеді. Іс-шараның басты мақсаты — отбасы мен ұлттық тәрбиенің маңызын арттыру, ерекше балалардың қоғамға бейімделуіне мүмкіндік беру, ата-аналарға рухани қолдау көрсету болды.

Іс-шара барысында қатысушылар өздерін таныстырып, сахнада сән үлгілерін көрсетті. Әр отбасы ұлттық киімдерін киіп, ұлттық тағамдарын таныстырып өтті, байқау барысында ұлттық тағамның бірі бауырсақ пісіріп, көрермендерге ерекше әсер қалдырды.

Мерекелік күн отбасылардың бірлігін, мейірім мен махаббатты насихаттай отырып, ұлттық құндылықтарды жаңғыртуға бағытталды. Іс-шара соңында қатысушыларға алғыс хаттар мен естелік сыйлықтар табысталды. Аталған байқауға қатысып, белсенділік танытқан Хазиева Алина, Айтмухамет Анаркүл, Нұралы Айжан, Жумабекова Нұржанға мың алғыс.

Мұндай іс-шаралар балалардың шығармашылығын дамытып, олардың өмірге деген сенімін арттырады, ана мен баланың арасындағы байланысты күшейте түседі. Әр ана үшін өзінің баласының сахнада өнер көрсеткенін, қоғам алдында өзін ұстай білетіндігін көру -бір бақыт. «Бақытты отбасы – жарқын болашақтың кепілі» деген ұранмен өткен бұл күн барлық қатысушылардың жүрегінде жылы естелік болып қалары анық. Татулық пен өзара түсіністікке негізделген берік отбасы – бақытты қоғамның кепілі. Сондықтан әр отбасы мейірімге, сыйластық пен махаббатқа толы болғай!

**Н.ЖАМАНКУЛОВА,**
**Қордай аудандық мүгедек балаларды оңалту және бейімдеу орталығының әдіскері**

ҚҰҚЫҚТЫҚ КЕПІЛ

**Қазақстан Республикасындағы тіл туралы Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 11 шілдедегі № 151 Заңы қабылданып, бұл заңның ең басты мақсаты Мемлекеттік, мемлекеттік емес ұйымдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдарының қызметінде тілдерді қолдануға байланысты туындайтын қоғамдық қатынастар осы Заң реттейтін мәселе болып табылады.**




# СОТ ЖҮЙЕСІНДЕГІ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ РӨЛІ

Осы заңның 4-бабына сәйкес, Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі болып келеді.

Сот жүйесіне келетін болсақ, мемлекеттік тілдің қолданылуы, ол осы заңның 13-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасында сот ісі мемлекеттік тілде жүргізіледі, ал, қажет болған жағдайда, сот ісін жүргізуде орыс тілі немесе басқа тілдер мемлекеттік тілмен тең қолданылады.

«Сот ісін жүргізу тілі қағидатын қолданудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2016 жылғы 22 желтоқсандағы № 13 Нормативтік қаулысы қабылданып, бұл қаулыда сот ісін жүргізу тілі қағидатын қолдану сот процесіне қатысушы адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етудің құқықтық кепілі болып табылады делінген.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (бұдан әрі – АПК) 14-бабының талаптарына сәйкес сот ісін жүргізу тілі сотқа талап қою арызы (арыз) берілген тілге байланысты сот ұйғарымымен белгіленеді.

Сонымен қатар іс қағаздарын мемлекеттік тілде жүргізу мәселесі әрдайым бақылауда, ресми құжаттар тек қана мемлекеттік тілде, ал аудармасы ғана орыс тілінде жазылады.

Сотқа келіп түскен талап арыздардың орыс тілінде түсуі, ол жергілікті халықтың этникалық құрамына байланысты, соттарда мемлекеттік тілде қаралатын істердің санына әсер етеді.

Қазақ тілі ол біздің анамыздың тілі, рухани тірегіміз, сондықтан да мемлекеттік тілдің қолдану аясын кеңейту ол біздің парызымыз.

Мемлекеттік тілді жеттік біліп қана қоймай, мемлекеттік тілдегі сот актілерінің сапасына көңіл бөлу қажет, соған байланысты қазақ тілін үйрену курстары ашылып, онда сот мамандары мемлекеттік тілді үйренуде, бұл курстарға судьяларда қатысуда, қуантарлық жағдай ол сот жүйеміздегі жұмыс атқаратын басқа да ұлт өкілдерінің мемлекеттік тілді үйренуге деген құлшынысы.

**Е.ІЛИЯСОВ,**
**Қордай аудандық сотының төрағасы**

МАМАН БҰРЫШЫ

# Ақпараттандыру және сайлауды ұйымдастыру жұмыстары

**«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЙЛАУ ТУРАЛЫ» КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢНЫҢ 20-БАБЫНА СӘЙКЕС САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ АЛҚАЛЫЛЫҚ, ЖАРИЯЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ АШЫҚТЫҚ НЕГІЗІНДЕ ЖҮЗЕГЕ АСЫРЫЛАДЫ.**



Қордай аудандық аумақтық сайлау комиссиясы сайлаушыларды ақпараттандыру және сайлауды ұйымдастыру бойынша айтарлықтай жұмыс атқарды. БАҚ-та материалдарды орналастыру, медиакоммуникациялық алаңды қамтамасыз ету, әлеуметтік желілерде аудандық сайлау комиссиясының парақшаларын жүргізу және сайлауды ақпараттық сүйемелдеу бойынша жұмысы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңына, «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Заңға, «Онлайн-платформалар және онлайн-жарнама туралы» Заңына және басқа да нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес жүргізілді.

Сайлау үдерісінің ақпараттық ашықтығын, транспаренттілігін қамтамасыз ету, электоралды сауаттылық деңгейін және халықтың сайлауға белсенділігін арттыру мақсатында аудандық сайлау комиссия жұмысының ақпараттық сүйемелдеудің 2025 жылға арналған МЕДИА-ЖОСПАРЫ бекітілді.

Ақпаратты тарату үшін дәстүрлі және цифрлық арналармен жұмысы БАҚ, ресми сайттар, сондай-ақ әлеуметтік желілерді қолдана отырып, бекітілген медиа-жоспар негізінде жүргізілді. Азаматтардың негізгі назары сайлаудың барысы мен өткізу ережелері туралы жедел, шынайы және қолжетімді ақпараттандыруға аударылды.

Қордай аудандық сайлау комиссиясы өңірлік БАҚ-пен ынтымақтастықтың жүйелі тәсілі құрылды.

«Қордай шамшырағы» газет тиражының 6000-ға жуық данамен аудан халқына екі тілде таралады, сонымен қатар, газеттің электрондық нұсқасы https://mayak1932.kz/ сайтында және 16000 оқырманы бар korday_mayak инстаграмм парақшасында жарияланады.

Аудандық «Қордай шамшырағы» газетінде 38 материал жарияланды, оның ішінде:

- Заңнамада көзделген міндетті жарияланымдардың саны – 26;
- Аудандық сайлау комиссиясының қызметі туралы 12 ақпараттық жарияланым жарияланды.

Медиакоммуникациялық алаңдарды пайдалану.

Ақпараттық кеңістікті цифрландыруды ескере отырып, медиаплатформалардағы жұмыс жандандырылды:

Қордай ауданы әкімдігінің ресми сайтындағы аудандық аумақтық сайлау комиссиясының интернет-парақшасында барлығы 84 материалдар жарияланды, оның ішінде: 26 міндетті жарияланым және қосымша ақпараттық 58 хабарлама орналастырылған.

Әлеуметтік желідегі парақшаларды жүргізу және насихаттау

Facebook әлеуметтік желісінде аудандық сайлау комиссиясының ресми парақшасы ашылып, жұмыс істеуде. Пікірлерге мониторинг жүргізіліп, сұрақтар мен ықтимал түсінбеушіліктерге жедел әрекет етіледі. Жыл басынан бері парақшада 81 жарияланым орналастырылды.

Ақпараттың шынайылығын қамтамасыз ету және қауесеттер мен дәйексіз мәліметтердің таралуының алдын алу үшін ақпараттық өріске күнделікті мониторинг жүргізіледі.

Қордай ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 13 ақпандағы №65 «Барлық кандидаттар үшін үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындарды белгілеу туралы» қаулысына сәйкес тақта саны 8-ге ұлғайды және 51-ді құрайды. Ауданның барлық елді-мекендері қамтылды.

Қордай ауданының 19 ауылдық округтерінің барлығы ақпараттық баннер құрылғыларымен қамтылған, бүгінгі күнге саны 72. Дегенмен, 19 ауылдық округтері ішінде 4 елді мекендерде ақпараттық баннер құрылғыларымен қамтамасыз етілмеген болатын.

Осы мәселе бойынша аудан әкімдігімен жұмыс жүргізіп, Бәйтерек және Қалғұты ауылдарында баннер құрылғылары орнатылды. Ал Беріктас және Күнбатыс-2 ауылдарында орын белгіленді, құрылғылар орнату үстінде.

Сайлауға дайындық және оны өткізу шеңберінде әкімдік визуалды қолжетімділігі жоғары негізгі позицияларға орнатылған баннерлік құрылғыларды ұсынады.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 38-бабына сәйкес, сайлаушыларды дауыс берудің уақыты мен орны туралы хабардар ету тәсілдерінің бірі - шақыру қағаздарды тарату.

Шақыру қағаздарды тарату екі негізгі қызметті атқарады:

1. Дауыс беруді өткізу күні, уақыты және орны туралы сайлаушыларды хабардар ету;
2. Сайлаушылар шақыру қағаздарда орналастырылған QR-кодты сканерлеу арқылы кандидаттар туралы ақпаратпен таныса алады.

Ағымдағы жылы ауданда 6 ауылдық округтері әкімдерінің сайлауы өткізілді. Аудандық сайлау комиссиясы сайлаушыларға берілетін А5 форматтағы шақыру қағаздарының 21945 данасын және халық көп жиналатын орындарға орналастыру үшін А3 форматтағы шақыру қағаздарының 170 данасын дайындады.

Жалпы ауылдық округтері әкімдерінің сайлауы кезінде сайлаушыларға шақыру қағаздарын тарату барысында шақыру қағаздарын алған - 20023 сайлаушылар, немесе 91,2 пайыз.

Дауыс беру қорытындысы бойынша 21945 сайлаушының 13771-і сайлауға қатысты, яғни орташа қатысу көрсеткіші 62,75 пайыз.

Жастарды сайлау мәдениетіне баулу және олардың азаматтық белсенділігін арттыру – комиссия қызметіндегі маңызды басымдықтардың бірі ретінде түрлі іс-шаралар арқылы іске асырылуда.

Дәстүр бойынша, 2025 жылғы 5, 6 және 7 ақпандағы «Дүниежүзілік сайлау күніне» орай, Қордай аудандық сайлау комиссиясы ұйымдастырған іс-шаралар өткізілді.

«Дүниежүзіліксайлаукүніне»арналған іс-шаралар бағдарламасына сәйкес, №7 Бетқайнар колледжінің білімгерлерімен, «Қордай» Гуманитарлық-экономикалық колледжінің» білімгерлерімен және М.Ю.Лермонтов атындағы №16 орта мектептің 10-11 сынып оқушыларымен дөңгелек үстелдер, кездесу ұйымдастырылды.

Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығына орай еліміздің білім беру мекемелерінде 02-17 қыркүйек аралығында бірқатар ауқымды іс-шаралар ұйымдастырылып, 10-11 сынып оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру мен азаматтық жауапкершілігін қалыптастыруға бағытталған.

Солардың бірі — болашақ сайлаушылар арасында өткізілген «Сайлау — азаматтық жауапкершіліктің көрінісі» тақырыбындағы республикалық сайлау диктанты және «Сенің дауысың – сенің үнің», «Сайлау – әділетті қоғам құрудың бастамасы» тақырыптарында жазылған эсселер арасында «Үздік эссе» номинациясы бойынша конкурс өткізілді. Нәтижесінде 10-11 сынып оқушылары арасынан диктант жазу бойынша үздік деп танылған 6 жеңімпаз және «Үздік эссе» номинациясы бойынша ұйымдастырылған конкурс бойынша 6 жеңімпаз анықталып, 2025 жылдың 15 қыркүйекте мадақтама қағаздарымен және естелік сыйлықтармен марапатталды.

2025 жылы 15 қыркүйекте «Гуманитарлық-техникалық «Береке» колледжінде аумақтық сайлау комиссиясы төрағасының қатысуымен қонақ дәрісі өткізілсе, 17 қыркүйегінде №14 Ә.Нүсіпбаев атындағы орта мектептің жоғарғы сынып оқушылары «Мектеп президентін сайлау» бойынша іскерлік ойынын өткізілді.

Жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен жас ұрпақтың құқықтық мәдениетін арттыру, олардың сайлау процесіне белсенді қатысуын ынталандыру мақсатында аудандағы жоғары сынып оқушыларының қатысуымен 7 бейнеролик түсірілді.

Іс-шаралар жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға, белсенді азаматтық көзқарасын дамытуға және сайлау процесінің маңызын ұғынуға зор үлес қосты.

Қордай аудандық сайлау комиссиясы жастармен жүргізілетін іс-шаралардың жүйелілігін сақтап, жаңа форматтар енгізуді, сондай-ақ алдағы уақытта ашықтық пен коммуникациялық икемділік қағидаттарын ұстана отырып, медиа алаңда тиімді жұмыс істеуді мақсат етіп отыр.

**А.СЫРЛЫБАЕВ,**
**Қордай аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы**

### ТЖ ЕСКЕРТЕДІ

# ҚАУІПСІЗДІК – ӘР ОТБАСЫНЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

**Күн суыған сайын тұрғындар тұрмыстық электр жылытқыштарын жиі қолдана бастайды. Алайда зауыттық емес немесе ескі қыздырғыштарды пайдалану тұрғын үйдің қауіпсіздігіне үлкен қауіп төндіреді. Электр жүктемесінің артуы қысқа тұйықталуға, ал ол өз кезегінде өртке алып келуі мүмкін.**




Көп адам «бізде өрт болмайды» деп қателеседі. Бірақ өрт – адамның өз іс-әрекетінің немесе салғырттығының нәтижесі. Сондықтан әрбір азамат күнделікті өмірде өрт қауіпсіздігі ережелерін қатаң сақтауы тиіс.

Электр сымдары мен құралдарын уақтылы тексертіп, қажет болса, ауыстырыңыз.

Розеткалар мен қосқыштар жақсы күйде болуы керек.

Бір розеткаға бірнеше құрылғыны қоспаңыз.

Сымдарды тұсқағаздың астына жасыруға, майлы бояумен бояуға немесе шамдарды сымға іліп қоюға тыйым салынады.

Үйден шыққанда, барлық электр құрылғыларын өшіріңіз – күту режиміне де қалдырмаңыз.

Ауылдық жерлерде пешпен жылыну әлі де кең таралған. Бұл жағдайда да қауіпсіздікке баса мән беру қажет:

пеш пен үйдің ағаш құрылымдары арасындағы арақашықтық сақталуы тиіс;

пешті бензин, керосин және тез тұтанғыш сұйықтықтармен тұтату қауіпт;

ашық есікті пеште от жағуға, үстіне киім, отын және басқа да заттарды қоюға болмайды;

пештің ішкі-сыртқы ақауларын жылыту маусымы басталмай тұрып жөндеңіз;

пеш пен мұржаны үнемі тазалап отырыңыз.

Жылытқыштардың үстін жабуға, киім кептіруге, жиһазға тым жақын қоюға тыйым салынады.

Құралдардың беттерін шаң мен қоқыстан тазалап отырыңыз.

Жылытқыштарды қараусыз қалдырмаңыз.

Кереуетте жатып темекі шекпеңіз.

Сөндірілмеген темекіні қалдырмаңыз.

Сіріңке мен темекі қалдықтарын еденге тастамаңыз.

Өртті болдырмаудың ең тиімді жолы – алдын алу шараларын сақтау. Егер төтенше жағдай орын алса, дереу 101 немесе ұялы телефоннан 112 нөміріне қоңырау шалыңыз.



## Құрметті ата-аналар мен оқушылар!

**«ЖАЙЛЫ МЕКТЕП» ұлттық жобасы аясында 2025-2026 оқу жылына Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Қордай ауданының білім бөлімінің №53 орта мектебіне (Қарасу ауылы) 0-11 сыныптарға оқушыларды қабылдау басталды!**

*Оқыту тілі: қазақ тілі.*

*Құжаттар тізімі:*

- **Баланың туу туралы куәлігі (көшірмесі);**
- **Ата-ананың жеке куәлігі;**
- **3х4 көлеміндегі 2 дана фотосурет;**
- **Денсаулық паспорты (№026/у-3, №063/у нысаны);**
- **Алдыңғы сыныптан табель (2-11 сынып үшін).**

*Қабылдау уақыты:*

**2025 жылдың 29 қыркүйектен бастап 3 қазанға дейін.**
**Қосымша ақпарат алу үшін: +77022416873**

**Мекен-жайымыз: Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Қарасу ауылы, Ақтас көшесі #301 А үй, №53 орта мектеп.**



### ХАБАРЛАНДЫРУ

## «БОРЫШКЕР» акциясы

Құрметті, Қордай ауданының тұрғындары мен қонақтары! Қордай ауданы аумағы бойынша 2025 жылдың қыркүйек айының 25-27 күндері аралығында «Борышкер-2025» акциясы жүргізіледі. Осы акция барысында Қордай АПБ-нің қызметкерлері жәнеаудандық жеке сот орындаушылары бірлесіп, әкімшілік құқық бұзушылық жасағаныүшін салынған айыппұлдарды өндіру мақсатында рейдтік іс-шаралар ұйымдастыруда. Сол себептен, сіздерден, салынған айыппұлды уақытысында №204106 есеп шотына төлеулеріңізді сұранамыз. Әкімшілік айыппұлды төлегеннен кейін, айыппұл төленгені туралы түбіртекті Қордай ауылы, Батыс ықшам ауданы, №17 жаңа полиция бөліміне алып келулеріңіз қажет.

**Р.АБДУЖАЛИЕВ,**
**Қордай АПБ-нің ӘПБ бастығы, полиция майоры**



### САТЫЛАДЫ

#### Жылжымайтын мүлік

6 бөлмелі жағдайлы үй, Қордай а., газ, жарық, 3 фаза, су құбыры, жаздық ас үй, гараж, монша, 11 сотық жер, орталықтан алыс емес. Тел.: 87754379511.

Шұғыл! 4 бөлмелі үй, веранда, монша, бөлек ас үй, шар. құрылыстар, су құбыры, газ, интернет. Қордай а., Бәйдібек баба к., 219. Тел.: +77780487150.

Жеке үй барлық жағдайымен. Балдәурен к., 1А/1, жалпы көлемі 135 ш.м., 5 жатын бөлме, зал, дәліз, кіре беріс, ас үй, сан.торап, гараж, бастырма, мал қора, шөп жинайтын орын, жаздық ас үй, монша, 10 сотық жер учаскесі бар. Интернет, бейнебақылау, кондиционер бар. Тел.: +77021526635.

Шұғыл түрде Қордай ауданы, Белашов ауылында жаңадан салынған үй, көлемі 9х9. Мал ұстауға ыңғайлы, 50 сотық жер, жайылымы жақсы, көшесі жарықтандырылған, қосымша 20х11 мал қорасы бар. Тел.: 87016539239.

Орталықтан 1 және 2 бөлмелі пәтер. Тел.: 87006813435.

Шағын үй. Қордай а., Мәшһүр Жүсіп к., 5. Тел.: 87753707859.

Сортөбе ауылынан жер учаскесі, 5 га., бизнеске ыңғайлы (суғарылатын жер), бөлінеді. Тел.: +77477354601.

Кірпіштен үй, «Флагман» дүкені ауданынан. Жеңістің 40 жылдығы к., 155. Тел.: +77076993265.

Кішігірім үй 60 м$^2$ - 4 бөлмелі, монша, жертөле, жабық аула, жаздық ас үй, 10 сотық жер, газ, жарық, су бар. Тел.: +77756560517.

2 бөлмелі шағын үй 40 м$^2$, монша және барлық шар. құрылыстары бар, 10 сотық жер. Тел.: +77756560517.

25 сотық жер учаскесі, қоршалған, бөлуге болады, барлық коммуникациялары бар. Тел.: +77756560517.

Үй, жиһазы толық, жер учаскесімен, шар. құрылыстары бар, Қордай а., Рысқұлов к., тел.: +996550462040.

Барлық жағдайы бар үй. Бетқайнар а., Юбилейная к., 8. Тел.: +77087156022.

Өте жақсы үй, 15 сотық жер, ипотекаға болады, бағасы келісімді. Красный партизан, Балпықов к., 26/1. Тел.: 87712796247, +77073562759.

#### АВТОКӨЛІКТЕР

1996 ж. «VITO» (вито) а/к., 2,3 көлемді. Шағын жөндеуді қажет етеді. Қордай а., бағасы 1 200 000 тг. Тел.: +77016082890.

#### ӘР ТҮРЛІ

Бастырма 11х15 м., кіші вагон, трактордың бастырма қондырмалары, сусорғыштар және т.б. шаруашылық инвентарлар. Тел.: +77029937908.

Теледидарлар, тоңазытқыштар, мұздатқыш камералар, шаңсорғыштар, су жылытқыштар, кір жуу машиналары. Қордай а., Шу к., 38. Тел.: 87756443019, 0555554179.

Үйдің жас тауықтары, бройлерге, жұмыртқалайтын тауықтарға, бөденелерге арнайы жем. Қордай а., Бәйдібек баба к., 221. Тел.: +77029747932.

«Ломан Браун» жұмыртқалайтын тауықтары. Қордай а., Пушкин к., 46. Тел.: 87781554713 Татьяна, 2-24-19.

«ГАЗ-53» а/к құрылыс материалдарын жеткізіп береді: гравий, топырақ, отсев, қиыршық тастар, Шудан шайылған құм. Елімай к., 4, Пушкин к., 96. Тел.: 4-64-25, 87017323710.

Сатады: тоңазытқыштар, кір жуу машиналары, газ қазандықтары, су жылытқыштар, мұздатқыштар, «Юнилюкс» жылыту қазандығын сатады. Қордай а., Рысқұлов к., 247, тел.: 2-21-97, 87779663203.

### САТЫП АЛАДЫ

Жұмыс істемей тұрған, жақсы күйдегі тоңазытқыш, мұздатқыш ларь. Тел.: 87476814551.

1 айлық бұзаулар мен өгізшелерді. Тел.: +77782593960, +77076212715.

### ЖҰМЫСҚА ШАҚЫРАДЫ

Дәмханаға даяшылар, түнеуге орын беріледі және 3 мезгіл тамақтану. Тел.: 87017491742.

Шұғыл! Мүгедек әйелді күтуге көмекші. Жалақысы 120 000 тг. Тел.: 4-24-33, +77023915802.

### ЖАЛҒА БЕРЕДІ

Орталықтан, «GEO» СО қойма және кеңселік бөлме. Тел.: 87753231153.

### ҚЫЗМЕТТЕР

Алмазбен бұрғылау. Іргетасты, темірбетонды кәріз құбырларына, желдету жүйелеріне, тартпаларға кез-келген диаметрде тесу. Су құбырын тарту, сантехника. Аристондарды, газ қазандықтарын орнату. Тел.: +77785269004, +77774061244 Сергей.

Тігін құралдарын, СК теледидарлар, инверторлық дәнекерлеу, қысқа толқынды пеш, духовка және басқа да жөндеу жұмыстарын жасайды. Қордай а., Бәйдібек баба к., 102. Тел.: 4-75-74, 87783345614 Федор.

Құдықтарды қазады, пайдаланған суды сорып алады. Тел.: 87023334948, +77766676067.

Су құбыры, сантехника, кәріз жүйесі, жылу жүйесі, дәнекерлеу жұмыстары, троспен тазалау, алмазбен бұрғылау. Үй бұзамыз, саламыз. Тел.: 87024901605.



### ӘР ТҮРЛІ

2004 жылдың 16 қазанында қайтыс болған Стыбаев Сериктің артынан мұрагерлік іс қозғалды. Мұрагерлері нотариус Г.Сугурбаеваға Қордай а., Төле би к., 94, 2-қабат мекенжайына жолығуы қажет.

2025 жылдың 12 тамызында қайтыс болған Курганбаев Духтар Динраушановичтің артынан мұрагерлік іс қозғалды. Мұрагерлері нотариус Г.Сугурбаеваға Қордай а., Төле би к., 94, 2-қабат мекенжайына жолығуы қажет.

2025 жылдың 4 қыркүйегінде қайтыс болған Черникова Раиса Перфиловнаның артынан мұрагерлік іс қозғалды. Мұрагерлері нотариус М.Лировка Қордай а., Жібек жолы к., 236/1 мекенжайына жолығуы қажет.

### ЕСКЕ АЛУ

**АҚЖОЛТАЙ (АЛЛА) ЕЛЕУСІНҚЫЗЫ ҚҰСАИНОВА**

Біздің қымбатты Ақжолтай (Алла) Елеусінқызы Құсаинованың дүниеден өткеніне 35 жыл болды. Ол тек мейірімді әпке ғана емес, сонымен бірге ақыл-кеңесімен көмектесетін, қолдау көрсететін ақылшы, жолымызды даналық пен сүйіспеншілікпен жарықтандыратын шамшырақ бола білді. Жарқын бейнесі біздің жүрегімізде мәңгі сақталады. Жылы лебізбен еске алып отырамыз. Жаратқаннан жан тыныштығы үшін дұға етеміз, оны еске ала отырып Құран сүрелерін бағыштаймыз. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын деп тілейміз.



*Адам мәңгі жүрмейді бұл жалғанда,*
*Көнеміз ғой тағдырдың салғанына.*
*Көзімізге ып-ыстық жас келеді,*
*Өзіңді сағынып, еске алғанда!*

**Еске алушылар: туған-туыстары.**

№24 Мұхтар Әуезов атындағы мектептің ұжымы информатика пәнінің мұғалімі Наджафов Рашид Бәйляровичке атасы **АЛИЕВ МАГОМЕД АЗИСОВИЧТІҢ** қайтыс болуына байланысты қайғырып көңіл айтады.

№24 Мұхтар Әуезов атындағы мектептің ұжымы кәсіптік бағдар беруші Бектембаева Аида Нәсіпбекқызына апасы **БЕКТЕМБАЕВА АЙЫМЖАҚАН ТОҚСЕЙІТҚЫЗЫНЫҢ** қайтыс болуына байланысты қайғырып көңіл айтады.

# ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Құрметті, **ОНГЕЛДИЕВ ДҮЙСЕНХАН БАТЫРБЕКҰЛЫ**! Сізді 78 жас туылған күніңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Бүгін осы мерейлі күнде, сізге мол қуаныш, шексіз денсаулық, шапағатты ғұмыр тілейміз! Әрбір күніңіз жарқын, әрбір сағатыңыз құт-берекеге толы болғай! Бірге көретін бақытты сәттеріміз, қуанышты күндеріміз көп болсын деп тілейміз. Әрдайым бізге қамқор болып, өміріміздің нұры, тірегіміз болып жүре беріңіз! Сізге және анамызға амандық, денсаулықтарыңызға күш-қуат, көңілдеріңізге шаттық тілейміз! Сіздердің еңбектеріңіз бен тәлім-тәрбиелеріңіз біздің өміріміздің тірегі. Бүгінгі күні ғана емес, әр күн сайын жақсылық пен береке жауып, өздеріңізге лайықты құрмет пен бақытты сәттерде болыңыздар!

*Өмір-өзен жақсылығын жалғасын,*
*Тіршілікте сәттіліктер қолдасын.*
*Жанұямен мақтанамыз қашанда,*
*Арамызда Сіздей әке болғасын.*



**Құрметпен: жұбайы, ұл-қыздары, келіндері, немере, шөберелері.**

## МАТЕМАТИКАДАН РЕПЕТИТОР

**ҰБТ-ға дайындау, қалып қалған тақырыптарды қайта оқыту, мектеп оқушыларының логикалық ой қабілетін дамыту (жоғары сыныптар болса), семестрлік тапсырмалар мен типтік есептеулер, жеке үй тапсырмалары және білімгерлерге кеңес беру. Тәжірибесі мол мұғалім. Қазақ және орыс тілдерінде оқыту.**

**Тел.: +77758119248 (18.00-ден кейін)**

## Құбырлар сатылады

**d - 1м, 1,5м, 2м.**

**Қақпақтар, түптер. Экскаватор мен манипулятордың қызметтері.**

**Жібек жолы к., 399 (ауылшаруашылық техника базасы).**

**Тел.: 87789153526.**

## ҚҰРМЕТТІ ҚОРДАЙ АУДАНЫНЫҢ ЭЛЕКТР ҚУАТЫН ТҰТЫНУШЫЛАРЫ!

*«ЖЭЖ» ЖШС-нің 23.09.2025ж. №816 «Электр энергиясын босату тарифі туралы» бұйрығынан үзінді*

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің 19.09.2025ж. №31-03-03/932 дәлелді қорытындысы негізінде.

**2025 жылғы 22 қыркүйектен бастап тұрмыстық тұтынушылар үшін тарифтер төмендетілді.**

Тұрмыстық тұтынушылар үшін босату тарифі –**27,22 теңге** ҚҚС-мен.

Жеке тұлғалардың электр энергиясын тұтыну көлеміне қарай тарифтерді саралау енгізіледі:

80 кВт/сағ дейін қоса алғанда – **25,57 теңге ҚҚС-мен;**

81 кВт/сағ – тан 150 кВт / сағ-қа дейін - **32,64теңге ҚҚС-мен;**

151 кВт/сағ жоғары – **40,81 теңге ҚҚС-мен.**

**Заңды тұлғалар үшін 2025 жылғы 1 қарашадан бастап тариф қымбаттайды.**

-тұрмыстық қажеттіліктер үшін емес электр қуатын пайдаланатын тұтынушылар үшін ҚҚС – сыз 1 кВт/сағ үшін - **36,24 теңге (ҚҚС-мен - 40,59)**

-мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын заңды тұлғалар үшін - 1 кВт/сағ үшін **68,65 теңге ҚҚС-сыз (ҚҚС-мен 76,89).**

**Қордай аудандық электр тарату желісінің әкімшілігі**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

«Интергаз Орталық Азия» АҚ «Тараз» МГҚБ» филиалы экологиялық құжаттама материалдары бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды: Атмосфераға ластаушы заттардың рұқсат етілген шығарындылар нормативтерін түзету жобасы, рұқсат етілген ағындылар нормативтерінің жобасы, қалдықтарды басқару бағдарламасы, өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы, 2025 – 2032 жылдарға арналған қоршаған ортаны қорғау іс-шаралары жоспары. Экологиялық рұқсатты рәсімдеу.

Әсер ету аумағы: Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Отар ауылдық округі, Отар а., (43°32′16″ с. е. 75°12′51″ ш.б.).

Учаскенің географиялық координаттары: 43°31′50.55″с.е. 75°10′19.72″ш.б.

Тыңдау өтеді: 2025 ж. 7 қараша, сағат 14:00-де, мекенжайы: Жамбыл облысы, Қордай ауданы, Отар ауылдық округі, Отар а., Мәдениет үйінде, Керімқұл к., 7А.

Жобаның материалдарымен ndbecology.gov.kz сайтында және ЖАО сайтында https://www.gov.kz/memleket/entities/zhambyl-tabigat «Қоғамдық тыңдалымдар» бөлімінде танысуға болады.

Барлық ескертулер мен/немесе ұсыныстар қоғамдық тыңдаулар өткізу күніне дейін 3 жұмыс күні ішінде ndbecology.gov.kz сайтында, сондай-ақ «Жамбыл облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, мекен-жайы: Тараз қ., Абай көшесі 133А, тел. 8 (7262) 45-45-78, s.agabek@zhambyl.gov.kz қабылданады.

Бастамашысы: «Интергаз Орталық Азия» АҚ «Тараз» МГҚБ» филиалы

БСН: 110141014625

Мекенжайы: ҚР, Тараз қ., Қойгелді к., 177.

Тел.: +77016662346, g.konasheva@ica.kz

Жоба әзірлеуші: «Еңбек қорғау қауіпсіздігі және өндірістік қауіпсіздігі бойынша зерттеу орталығы» ЖШС.

Мекенжайы: ҚР, Астана қ., Есіл ауданы, Е 887 көшесі, 13 үй, БСН 110640009215

Анықтама үшін пошта және телефон: toocentr@mail.ru; тел.: +77015558633.

Қоғамдық тыңдаулар ашық жиналыс және бейнеконференция форматында өткізіледі.

Онлайн тыңдауларға қатысу үшін Qosyl сілтемесі арқылы қосылу қажет:

https://meet.qosyl.kz/meeting?room=963119425648.

Кездесу идентификаторы: 963-119-425-648.

## ТҮКІШ КММ (комхоз) МЕКЕМЕСІНЕ ЖҮРГІЗУШІЛЕР ҚАЖЕТ:

**қоқыс таситын көлікке, автобусқа, ассенизатор көлігіне, тиегішке, грейдерге, «КамАЗ», «Howo» самосвал көліктеріне; механизаторлар, әр түрлі жұмысшылар. Мекенжайы: Қордай а., Төле би көшесі, 65. Тел.: 2-29-31.**

## ТЕХНОГРАД

tehnograd_bt.tech



**- Ноутбуктер**
**- Epson 3/1 принтерлері**
**- Модемдер, WiFi роутерлері**

**БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Қордай а., Төле би, 96/А**

**тел.: +77022010783, +7 702 5544268, +7 705 6689094**

## ҚЫЗЫЛ КІРПІШТІ

**көтерме бағамен жеткізіп береді.**

**Тел.: 87013172872.**









## ҚЫЗМЕТТЕР

**Тоңазытқыштарды жөндейді, үйге барады. Сапалы. Кепілдігі бар. Қордай а., Жібек жолы к., 197. ТЕЛ.: 87759090075, 87753838816.**




## САЛТТЫҚ ҚЫЗМЕТ

### - ТӘУЛІК БОЙЫ, ДЕМАЛЫССЫЗ, ҮЗІЛІССІЗ!

*Төмен бағамен! Қордай бойынша жеткізу тегін!*

-мәйітті жуу;
- құрамдастырылған табыттар
- ағаш табыттар
- ұлғайтылған табыттар
- ағаштан жасалған крест белгілері
- темірден жасалған крест белгілері
- темірден жасалған өрнектелген крест белгілері
- темір ескерткіштер
- қоршаулар
- кең талғамда гүл шеңберлері
- естелік баулар
- катафалк
- басқа заттар.

**Телефон арқылы тапсырыс қабылдаймыз!**

Қоршау, терезе мен есік торларын, сүйеніштер, урналар жасауға тапсырыс қабылдаймыз.

**Мекенжайымыз: Қордай ауылы, Елімай к-сі, 41 (кеденнен солға қарай, Домалақ ана көшесінің қиылысында), тел.: 4-66-70, 87772914258, +77784219921.**

ДИРЕКТОР-
БАС РЕДАКТОР
Шолпан САБАНОВА

Газет 2012 жылғы 25 шілдеде Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінде тіркеліп, тіркеу туралы № 12895-Г куәлік берілген

Бас редактордың орынбасары
Жандос ОМАРОВ

ӘКІМШІЛІК БӨЛІМ:
Гаухар ЖҰМАБАЕВА
бас бухгалтер

МЕНШІК ИЕСІ:
«Қордай шамшырағы - Кордайский маяк» аудандық қоғамдық-саяси газеті» ЖШС

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдіруі міндетті емес

Жарнама мен хабарландырулардың мәтіні тіліне жарнама беруші жауапты

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз басып көшіруге болмайды

Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды және авторлар қолжазбасы өңделеді

Көлемі 3 компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды

Кейбір суреттер интернет сайттарынан алынды

(А) материалдың ақысы төленген

р/с KZ826010161000015589 БИК HSBKKZKX
МЕКЕНЖАЙЫ: Қордай ауылы, Төле би көшесі, 70.
Тел.: редактор, редактордың орынбасары: 4-51-63,
жауапты хатшы және факс: 2-13-98,
бухгалтерия: 2-27-08,
e-mail: mayak1932@mail.ru, сайт: mayak1932.kz

Газет қазақ және орыс тілдерінде аптасына екі рет шығады: СӘРСЕНБІ, СЕНБІ

Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Таралымы: барлығы - 5050 дана, қазақша - 2600 дана, орысша - 2450 дана.

«КИИК» ЖШС баспаханасында басылды: Қордай а., Төле би к.,106.